

Ж. Мұхамбетов*, С. Кәдірова, Ш. Ермакқалиева

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан
(E-mail: Mukhambetov72@mail.ru)*

Алашорда үкіметі мен Алаш ардагерлері ұлт тілінің мәселелері жайлы

Мақалада ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ жерінде саяси құрылым болған Алашорда мемлекеті мен оған қызмет еткен Алаш ардагерлерінің қазақ тілі жайындағы теориялық, әдістемелік және тәжірибелік еңбектері талданған. Авторлар талдау барысында ардагерлердің ұлттық тілдің көркем әдебиет, публицистикалық және ауызекі сөйлеу тілі ғана емес, ресми және іс қағаздары, ғылыми-педагогикалық стильдерде белсенді қызмет атқарып, толық қанды әдеби тіл деңгейінде қалыптасып дамуы мәселелерін көтеріп қана қойған жоқ, оны өздері тікелей іске асырғандығы олардың еңбектері негізінде дәйектей баяндайды. Мақала авторлары ізденіс нәтижесінде қазақ тілінің қазіргі ұғымдағы «мемлекеттік тіл» мәртебесінің негізін Алашорда қайраткерлері қалаған деген тұжырымға келген.

Кілт сөздер: Алашорда үкіметі, Алаш ардагерлері, стильдік тармақтар, ұлттық тілдің қоғамдық қызметі.

Кіріспе

«Алаш» ұғымының ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси-мәдени мән-мағынасы кең болды. Алаш ұлттық мүддені іске асыруда әуелде пікірлестердің қозғалысы, саяси одағы және мемлекеттік құрылым ретінде автономия болса, осы қоғамдық іс-әрекеттерді ұйымдастыратын «Алашорда» деген мемлекеттік билік, басқару органына айналды. Сан салалы Алашорда үкіметін ұйымдастырушылар мен оған белсене ат салысқан қайраткерлердің басты мәселесінің бірі қазақ тілін толық әдеби тілге, мемлекеттік қарым-қатынас құралына айналдыру болатын. Біз ол қайраткерлердің барлығына емес, тек қана М.Дулатов пен С.Сәдуақасовтың пікірлері мен көзқарастарына тоқталамыз.

Зерттеу мәліметтері

Қазақ тілінің ірілі-ұсақты сауалдары жайлы Алашорда үкіметінің ресми құжаттары мен Алаш ардагерлерінің ауызша-жазбаша сөздерінде қызу талқыланып, тиесілі шешімдер қабылданып, іс жүзіне асырылып отырды. Алдымен Алашорда үкіметінің ресми жиындары мен құжаттарында сөз болған мәселелерге тоқталайық. Қазақ тілінің қадір-қасиетін арттыруда Алашорда мен Алаш партиясы орасан еңбек етті. Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш партиясы және Алаш автономиясының құрылуы тарихи қажеттілік болды. Оған Е.Омаров пен Ә.Бөкейхановтардың сөздерін ғана тілге тиек етсек те жеткілікті. Алашорданың Қостанай уезінің комиссары Елдос Омаров Бүкілроссиялық құрылтай жиналысының 1918 жылғы 5 қаңтардағы қаулысына сәйкес Қостанай уезі шаруаларына үндеуінде құрылтай жиналыс Россияны федеративтік демократиялық республика деп жариялап, халықтардың өзін-өзі билеуіне (автономияға) право бергендігін баяндады. Бұдан әрі үндеуде 1917 жылғы ақпан революциясын Петроград жұмысшылары, 1917 жылғы Қазан революциясы большевиктер төңкерісі екені, оған Петроград жұмысшылары мен 4 жылдық соғыстан шаршаған солдаттар қосылды, бұл революция мен төңкеріске халық қатыспай-ақ жаңа өкіметті үнсіз ғана мойындады дей келіп, Россия масқара болып Брест келісімшартына қол қойды, халық онда да қалғыған күйі қалды. Бұдан шығар қорытынды — Россия халықтары мүлгіген ұйқыда, халық өз Отанының тағдырын шешуге қатыспай, қатыса алмай отыр деген сөз. Ендігі міндет халықтарды өз автономиялы мемлекеттерін құруға, сол арқылы Россия мемлекетін қайта нығайтуға, қатысу екенін, ол үшін Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылып, Алашорда мен бүкілроссиялық үкіметтердің өкіметін мойындайтынын жария етеді [1;107]. Ал 1919 жылы 11 ақпанда Әлихан Бөкейханов, бөкейлік Уәлихан Танашев, омскілік Айдархан Тұрлыбаевтар Ішкі істер министрі П.Ф.Коропачинскиймен қазақ халқының мемлекеттік құрылымы жөніндегі ведомство аралық алдын ала жасалған мәжіліске қатысады. Ә.Бөкейхановтан ең алдымен Алашорда үкіметінің пайда болуы

*Корреспондент-авторы. E-mail: Mukhambetov72@mail.ru

тарихын баяндауын сұрайды. Сондағы Әлекеңнің берген жауабының мазмұны: қазақ халқының шын мағынасында өзін-өзі билеуге көшуінің негізі революциялар кезіндегі облыстық қазақ съездерінде алынған болатын. Бүкілроссиялық құрылтай жиналыстың болу мерзімі кейінге қалдырыла берді. Россияны күтпеген оқиғалар жайлап алды. Өкіметті большевиктер басып алғаннан-ақ елде анархияның басталғаны белгілі болды. Сондықтан біз 1917 жылдың желтоқсанында ІІ жалпы қазақ съезіне жиналып, елімізде анархияны болдырмауға, жерімізде большевизмнің таралуына жол бермеуге қаулы қабылдадық. 1918 жылдың маусымында Сібірдегі большевизм билігі құлап, орнына Сібір уақытша үкіметті құрылды. Бұдан кейін Уфадағы мәжілісте директория ұйымдастырылды. Директорияның жеке-дара облыстық үкіметтер өз қызметтерін тоқтатсын деген жарлығына саяси жағдайды түсінгендіктен бағынып, 1918 жылғы 4 қарашадағы жарлықтан соң қол қусырып бос отырмыз [1;138–139] дейді. Демек, Алашорда үкіметі жік-жік болып атысып-шабысқан Россиядағы нәубеттің қазақ еліне жайылмауы, өз жолдарымен тарихи сәттілікті пайдаланып, тәуелсіз мемлекет болуға талпынғандығын танытады.

Негізгі бөлім

Алашорда үкіметі мен Алаш партиясы және автономиясы аласапыран заманда да қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік функциясы, тіпті тарихи миссиясын іске асыруды күн тәртібінен еш түсірген жоқ. Ол үшін Алашорда үкіметінің мемлекеттік мәртебедегі тіл ретінде қызмет ету мәселесі 1917 жылы (2–8 сәуір) Орынборда, осы жылы 19–22 сәуірде Оралда, жазда 21–28 шілдеде тағы да Орынборда, 20–25 тамыз аралығында Ақтөбеде, Орынборда 5–13 желтоқсанында өткен қазақ съездерінің бастауыш білім, сот ісі, оқу-ағарту, баспа, діни істеріне қатысты қаулыларында, Алашорда үкіметі, Алаш партиясының «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 21 қарашасында жарияланған Бағдарламасының 5, 9-параграфтарында мәселе ретінде қойылып, іске асырыла бастады. Бірінші съезде бастауыш мектеп жөнінде ұлдар мен қыздар бірге оқып, алғашқы 3 жылда ана тілінде оқу керек десе, үшінші, төртінші съездерде екі жыл болсын деген де шешімге келеді. Сот процесі және істер қазақ тілінде жүргізіліп, қазақ балаларының білім алуы үшін мектептен бастап университеттерге дейін ашылуы керек екенін мақсат етеді. Қазақ тілінде газет-журнал, кітаптар мен оқулықтар жасалып, жазу тәртібі «Қазақ» газетінің ережелерін басшылыққа алып, баспаханаларды қазақша шрифтермен қамтамасыз ету керек екенін нақты адамдарға міндеттейді. Алашорданың 1917 жылғы желтоқсанында болған жалпы қазақтың съезінде М.Дулатовтың қазақта медресе мен мектептің, молда мен мұғалімнің тапшылығын, оқулықтың жоқтығын көтерген баяндамасы бойынша бастауыш және орта қазақ мектептері үшін оқулық жазу жөнінде 5 адамнан тұратын комиссия құрылды. Комиссияға оқулық құрастырумен бірге: 1) ұлттық мектеп бағдарламасы, 2) мұғалімдерге арналған нұсқаулар, 3) бала тәрбиесіне қатысты кітаптар, 4) қазақ мектептеріндегі халық ағарту ісінің ережесін белгілеу, 5) қазақ тілінің жазу тәртібін түзу, 6) халыққа пайдалы деген кітап-кітапшаларды қазақ тіліне аудару сияқты міндеттерді жүктейді. Бұл істі 1918 жылдан бастап, комиссия ісінің барысын газет бетінде жариялап отыруға қаулы қабылдайды.

Алаш партиясының Бағдарламасының 5-параграфы сот ісіне арналып, «соттар жергілікті тілді білуге тиісті. Әр түрлі ұлттар аралас жерлердегі жауап алу мен сот шешімі саны жағынан басым ұлттың тілінде болуы керек. ... Ал қазақтар көп жердегі іс қарау қазақ тілінде жүргізіліп, заседательдер қазақ болуы керек» [1; 89] дейді. Жергілікті халықтың табиғи да заңды қызметіне тұсау салу 1918 жылғы 4 қарашада (Омбыда) Бүкілроссиялық уақытша үкіметі Алашордаға арналған Жарлығында бұл үкіметтің таратылып, барлық мемлекеттік басқармаларының бір Министрлер кеңесіне бағынатынын жариялаудан басталады. Осы жарлықтың негізінде «Сібірдегі ұлттар автономиясының шекаралары жөніндегі негізгі ережелер» деген қаулы қабылдайды. Қаулының 4-тарауының 1-тармағында жекелеген ұлттарға: «Бастауыш оқу орнынан бастап жоғары оқу орындарына дейін ұйымдастыруға мүмкіндік беріліп, оларда жергілікті тілмен қатар арнайы оқылатын пән ретінде орыс тіліне де жеткілікті орын берілуі тиіс [1;135] делінсе, 3-тармағында: «Халықтың 50 %-ті жергілікті тілде сөйлесетін ауылдық, қалалық басқару орындарында және іс қағаздарын жүргізуде де орыс тілі жергілікті тілмен тең дәрежеде қолданылады» [1; 136], «жергілікті басқару органдары мен соттары мемлекеттік мекемелермен орыс тілінде қатынас жасайды» [1; 136], ал 7-тарауында: «Жергілікті тілмен сөйлеушілер саны 50 %-тен аз жерлерде елге қолайлы болу үшін лауазым иелері мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мүмкіндігінше жергілікті тілді жеткілікті дәрежеде білетін адамдардан тағайындалады» [1; 136] деген солқылдақ сөздермен мәймөңкелейді. Ерекшеленген тұстардың мазмұны уақытша ғана ғұмыр кешкен «уақытша үкіметтің»

орыс тілін қазақ еліне ұлы орыстық шовинизм пиғылымен таңа түсуінің кеселді де кесепатты жалғасы болды.

Алаш қайраткері М.Дулатов 1912–1926 жылдары қазақ тілінің түрлі мәселелерін қозғаған «Жазу тәртібі» (1912), «Мұғалімдерге», «Манап» драмасы (1914), «Тіл құрал» (1915), «А.Байтұрсынов» (1922), «Қазақ-қырғыз білімпаздарының I съезінде сөйлеген сөзі» (1924), «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» (1925), «Қазақ тілінің мұңы» (1926) деген мақалаларында сауалдардың бәрі А.Байтұрсынұлымен байланыстырыла баяндалған. «Жазу тәртібі» [2; 223–226] — Ш.Жияшевтің «Бірге қозғалайық!» атты мақаласына қарсы жазылған мақала. Мұнда М.Дулатов А.Байтұрсынұлына жақтастықтың жөнімен емес, өзіндік пікірлерімен ой тастайды. А.Байтұрсыновтың қазақ тілінде неше дыбыс болса, сонша әріп белгілегенін, сөйтіп артық әріптерді кемітіп, қазақша оқуды оңайлатқаны; не айтылса, соның жазылуы керек екенін ұстанғанын айта келіп, қазақ әліппесіне Ф және Х әріптері де кірсе екен деген ұсыныс білдіреді. Ш.Жияшевқа «кемшілігімізді көрмей, қатемізді түземей, құр «біз де түркі баласымыз» деп атаның әруағына сүйенумен қазіргі өнер-білімнің қызу заманында бәйгеге қосыла аламыз ба?» [2; 222–225] деген сауалмен жауап береді. «Мұғалімдерге» — 1914 жылы «Қирағат» кітабына жазылған алғы сөз. Бұл кітаптың негізгі мақсаты — «өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту — өз алдына бір ғылым. Ғылым — педагогика» [2; 238], демек, қирағат — баяндап оқыту әдісі деген сөз. Көркем шығарманы құр саулатып оқыта бермей, оқығанын есте сақтауға, мағына-қасиетін ұғынуға, ойлануға үйрету керек екенін, бұл ретте келтірілген жазу тәртібі негізіндегі ана тілінде оқытудың басты мақсаты екенін түсіндіреді. «Манап» драмасы атты мақаласында «Айқап» журналының, біріншіден, бұл драма аудармасын жариялау арқылы «қазақ тілін түзетіп сақтау» мақсатынан ауытқығанын, екіншіден, Алматы уезінің начальнигі Лиханов шығарған драмада қазақ тіршілігінің сорақы, арсыз түрде бұрмаланғаны, аудармасының тіпті сын көтермейтінін, үшіншіден, «әдебиет өрнегі болғандай» журнал алқасына қазақ тілі мен қазақ туралы жазылған материалдарға талғампаздықпен қарауы қажет деген талап қояды. «Тіл құралы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлының «Тіл — құрал» оқулығы қазақ тілінің жалпы қағидаларына сүйеніп, жүйелі тәртіппен баяндалғанын, Ш.Жияшевтің Ахаң дауысты, дауыссыз деп бөлген дыбыстарын оның барлығы жарты дауысты деп «ешуақытта естілмеген жаңа хабар» жеткізіп отырғанын айта келіп, Бұқара, Мекке, Мәдине, Стамбулда оқып қайтқандардың арабшылап, сартшылап, ноғайшылап қайтып жүргенін, олардың шәкірт тіліне кері әсер етіп жүргенін; тіпті өзінің «Оян, қазақты» жазып жүргенде әлгі «әдеби тілдерді» көбірек кіргізгенін, Абайды, Ахметтің «Қырық мысалын» оқып өзінен-өзі ұялғанын, адасып жүргенін; сол кезеңдегі шын қазақша жазып, «тіл мәселесін қолына ала туған» «Қазақ» газеті екенін сөз етеді. М.Дулатовтың Е.Омаровпен бірігіп жазған «А.Б.Байтұрсунов» атты орысша мақаласы (1922) — ұлы ғалым жөніндегі ең алғашқы биографиялық очерк. Очеркте Ахаңның өмірлік кредосы «Қазақ» газетінің алғашқы санындағы бағдарламалық мақаласында өз тәуелсіздігімізді сақтау үшін бар күшімізді біріктіріп, білім мен мәдениетке жетуге ұмтылуымыз керек; бұл үшін алдымен ана тіліміздегі әдебиетті дамытуымыз қажет болғанын ерекше атап өтеді. «Қазақ тілін жүргізетін комиссияға ...», «Қазақ тілінің мұңы» атты мақалаларында мемлекеттік тіл қазақ тілін жүзеге асыруға тиісті орындардың жеткілікті көңіл бөлмей отырғандығын және іс қағаздарының, әсіресе аударма іс қағаздарының қазақ тілінде дұрыс жүргізілмейтінін сынайды.

Алаштың келесі бір ардагері — Смағұл Сәдуақасұлы. Оның «Нужды аула (очерки киргизской жизни)» атты мақаласы 1919 жылы «Трудовая Сибирь» (Омбы) журналының екі санында жарық көрген. Мақалада халық ағарту мәселесін көтеріп, қазақ ауылына ең керегі ағарту ісі екенін, әлемнің білімді, өркениетті халықтары көп ғасырлық еңбектерінің жемісін жинап жатса, қазақ әлі оның тұқымын да сепкен жоқ деп өкіне әңгіме бастайды. Қазақ сауатты кездейсоқ, яғни бірі әкесінен, бірі танысынан, енді бірі кездейсоқ алды, ал жүйелі сауаттанудың мектеп және медресе деген екі түрі болды дейді. Қысқасы, мектеп — діни білімнің бастамасы, ал медресе жоғары түрі болғанын айта келіп, бұл оқу орындарындағы оқыту жүйесі, оқыту әдісі, оқыту құрылымын талдап, оның пайдалы тұстары мен кемшін жағдайларын XX ғасырдың 20-жылдарындағы білім беру мен ағартушылық істе қайталамаудың жолдарын ұсынады. Араб әліппесімен оқытуда қадым (ескі) және жадид әдістері қолданылатынын, олардың өзіндік ерекшеліктерін түптеп түсіндіреді. Қадым әдісі бойынша жазуда таңбалардың бүтін бір буындарды белгілейтіні, арабтың тіл дыбыстарының көбіне қазақтың сөйлеу тілінде кездеспейді, дауысты дыбыстар мүлдем жазылмайды да, дауыссыз дыбыстардан құрылып жазылған сөздер дыбысталуымен не нобайлап оқылатынын ескертеді. Мұндай оқу мен жазудың қиындығынан 5–6 жыл оқыған қазақтың оқи да, жаза да алмайтындары жиі кездесетініне

қынжылады. Қадымша оқытудың қиындауының екінші бір себебі оқытылатын түрікше және арабша кітаптар болған. Қадымша оқытуды қолдаушылар кез келген зайырлы ғылым саласын мектеп пен медреседе оқыту мұсылмандыққа қарсы бағыт болып есептелді де, жадидті жақтаушыларды жау санады. Смағұл Сәдуақасұлының сөз түйінінде Ресей мұсылмандарының білім беруде артта қалуының, мешеулігінің басты кесірі — қадым фанатизмі дейді [3, 8]. Жаңа, озық бағыт ұстанушы жадидшілер шамамен ХХ ғасырдың 1905 жылы кезінде пайда бола бастады. Әрине, оларды әуелде құшақ жая қарсы алған жоқ. Бірақ олардың озық әдісі, елді сауаттандыру мен білімдендірудегі нәтижесі ағартушылық жүйеде белең алуына негіз болды. Смағұл Сәдуақасұлы жадид әдесінің бірнеше маңызын, яғни сауат ашу мен білім беруде оқытудың дыбыстық әдісі қолданылғанын, зайырлы ғылым салалары (арифметика, география, жаратылыстану және т.б.) оқытылғанын атап өтеді. Жадид жолының қазақ елінде, басқа да түркі халықтарында дамуын «Қазақ арасында бастауыш білім ісінің табысты өрлеуі А.Байтұрсыновтың грамматикасының жарыққа шығуымен байланысты» [3; 8] дейді. Бұдан дыбыстық жазудың буындық жазудан гөрі прогрессивті рөлін бағамдауға болады. «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» атты еңбегінің негізгі мазмұны 1927 жылы Қазақстан мұғалімдерінің I съезінде баяндама ретінде оқылса, біраз бөлігі осы жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған. 1927 жылы кітапша болып та шыққан. Осы баяндаманың 7-тараушасы «Оқу құралдары және тіл туралы» деп аталады. Бұл тараушада орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі оқулықтардың тапшы болып отырғанын, оларды жазатын адамдар мен мамандардың аз және тапшы болуымен түсіндіре келіп, «Бұлға оқу кітаптарын жазуға ғана жалғыз Байтұрсынұлы. Басқа адамымыз жоқ» [2; 140] дейді. «Оқу кітаптарын жазу үшін құр хат танитын болу жетпейді, жазушы оқыту ғылымына жетік болуы керек. Балалардың психологиясын білу керек, жалпы алғанда оқымысты болу керек. Әйтпегенде пайда орнына зиян шығаруы мүмкін. Адамды бұзып бітіргеннен де, оған еш нәрсені оқытпағанның өзі артық» [3; 140–141] деген топшылау бүгінгі күннің мәселелерімен қандай үндес!

Баяндамада Смағұл Сәдуақасұлының Халық ағарту комиссары ретінде қойған келесі талабы — қазақ мектептерінде ұлттық-оқу кітапханаларының негізін құру. Комиссардың бүгінгі күнмен идеялас бір ойы комплекс әдісімен оқытудың негізі аймақтану екенін ерекше ескерте келіп, «орыс оқытушыларының міндеті Мәскеудің жіберген кітабын ғана оқытып қана қанағат қылмай, өздері де жазуға кірісіп, кеңесті Қазақстан еліне көзін салып қарауы керек. Біздің Кеңестер одағынан өзгешелігіміз қазақ болғандығымыз ғана емес, орыс болсын, қазақ болсын — жалпы Қазақстан болып біріккенде кейбір өзгешелігіміз бар» [3; 141–142]; «Біздің Қазақстанда, меніңше, әрбір қазақ орысша білу керек те, орыс қазақша білу керек» [2; 143] деген тұжырымға келеді. Орта мектепте орыс тілін үйретуді енгізу мен орта арнаулы мектептерге орысша оқытуды қолдайтынын уақытша, амалдың жоқтығынан болып отырған шара екендігін түсіндіре келіп, өз ойын ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап жапон елінің білім мен ғылымды ағылшын тілінде игергендігі жөнінде айтып негіздейді. Әрине, Смағұл Сәдуақасұлының бұл уақытша шарасы тарихи қажеттілік болды, орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына қазақ тілінде оқулықтар жазылып толық болмаса да іске асты. Жоғарыдағы Смағұл Сәдуақасұлының мақалалары, еңбектері және баяндамалардың мазмұны оның қазақ тілінің білім және ғылым тілі болуына, іске асуына тікелей ат салысқан қайраткерлігін көрсетеді. Смағұл Сәдуақасұлының өзінен жасы үлкен еңбегі зор замандастарына өзінің әділ де ашық бағасын беріп отырған. Соның жарқын бір көрінісі — ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы жайлы пікірлері. Смағұл Сәдуақасов «Айқап» журналының негізін мұсылман мектебінің шәкірттері, ал «Қазақ» газетін орыс мектебінің түлектері негіздегенін атап өте келе, «Огромную услугу киргизской литературе оказал А.Байтурсунов, редактор газеты «Қазақ». Он первый пионер в области создания чисто киргизского языка: составил первую киргизскую азбуку и грамматику (до этого киргизы пользовались арабской азбукой). Байтурсунов поэт-народник и духовный учитель молодежи. Он перевел почти все басни Крылова, снабдив каждую соответствующими заключениями и приспособив к обличению беспечной жизни киргизов» деген баға береді [4; 224]. «А.Байтурсунов — ученый словесник; автор первой (пока что единственный) казахской грамматики, реформатор казахской письменности и редактор первой казахской газеты, вышедший в 1913 году. В настоящее время А.Байтурсунов занимается, исключительно, научной работой и пишет учебники» деген баға береді 1928 жылы Мәскеуде шыққан қазақ жазушыларының әңгімелер жинағының алғы сөзінде [5; 343]. Абайдан бастап «ақын» сөзінің бұрынғы мағынасы жоғалды. Енді ақын деп суырып салмаларды ғана емес, суырып салма ақын бола тұра өлең жазатындарды «ақын» деп атайды деп келіп, Абайдың ХХ ғасыр басындағы алғашқы ізбасарлары пайда болды, оларға қазіргі А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және

марқұм болған С.Торайғыров, Б.Күлеев, О.Қарашев және т.б. дейді. Бұлардың алғашқы екеуіне ерекше тоқталып өту керек. Олар кезінде қазақтың ұлттық көсемсөзші-жазушылар болғанына ерекше көңіл аударады.

Зерттеу нәтижелері

XX ғасыр басындағы аумалы-төкпелі заманда қазақ тілінің мәселесі екі тұрғыда қарастырылды. Олар: 1) Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі автономиялық мемлекеттік құрылым санатында тіліміздің мәртебесін мемлекеттік тіл деңгейінде сөз етсе, 2) Алаш ардагерлері осы бағытта еңбек ете отырып, тіліміздің әдеби тіл ретіндегі оның тазалығы, нормалары мен ережелері, емлесі мен әліппесі, лексикалық байлығы мен грамматикалық құрылымының негізгі категорияларын білім мен ғылым нысандарында талқылады, түйіндер жасады, жүйеледі. Түйіндей келгенде, қазақ лингвистикасының өз заманына сай талаптарын атқаруына жол салды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Алашорда. Сборник документов/ Сост. Н.Мартыненко. — Алматы: Айқап, 1992. — 190 с.
- 2 Дулатов М., Омаров Е. А.Байтурсынов / М.Дулатов, Е.Омаров // Дулатов М. Шығармалары. — Алматы, 1991. — Б. 295–302.– 320 б.
- 3 Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-ші том / Құрастырған Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Алаш, 2003. — 360 б.
- 4 Сәдуақасұлы С. Киргизская литература (историко-критическая литература): екі том. шығ. жин. // С. Сәдуақасұлы. — 1-т. — Алматы: Алаш, 2003. — Б. 240–247.
- 5 Сәдуақасұлы С. Предисловие к сборнику рассказов «Молодой Казахстан»: екі том. шығ. жин. / С. Сәдуақасұлы. — 1-т. — Алматы: Алаш, 2003. — Б. 342–345.

Ж. Мухамбетов, С. Кадирова, Ш. Ермеккалиева

Члены правительства Алашорды и деятели Алаша о проблемах национального языка

В статье проанализированы труды деятелей партии «Алаш» и правительства Алашорды, посвященные проблемам функционирования казахского языка, имеющие теоретическое и прикладное значение. На основе тщательного изучения трудов М.Дулатова и С.Садвакасова, авторы статьи приходят к выводу о необходимости совершенствования научного и официально-делового стилей казахского языка. Именно это обеспечит казахскому языку полноценное функционирование в обществе и во всех сферах коммуникации. Деятели «Алаша» не только обозначили проблемы стилистического разнообразия казахского языка, но и сами активно принимали участие в осуществлении этих идей. Труды деятелей «Алаша» были адресованы как ученикам общеобразовательных школ, так и взрослым, которые обучались грамоте. В заключении авторы статьи приходят к выводу, что основу современного понятия «статус государственного языка» составляют научные и публицистические работы деятелей Алашорды. Их идеи и опыт решения проблемы национального языка не потеряли свою актуальности и по сей день.

Ключевые слова: партия «Алаш», деятельность алашординцев, виды стилей, общественная функция национального языка.

Zh. Mukhambetov, S. Kadirova, Sh. Ermekhalieva

Members of the government of Alashorla and Alash figures on the problems of the national language

The article analyzes the works of figures of the party «Alash» and the government of Alashorda, devoted to the problems of functioning of the Kazakh language, which have theoretical and applied significance. Based on a thorough study of the works Of M. Dulatov and S.Sadvakasova, the authors of the article come to the conclusion that it is necessary to improve the scientific and official business styles of the Kazakh language. This is what will ensure the full functioning of the Kazakh language in society and provide all possible areas of communication. Alash figures not only identified the problems of stylistic diversity of the Kazakh language, but also actively participated in the implementation of these ideas. The works of «Alash» figures were addressed to both secondary school students and adults who were learning to read and write. In conclusion,

the authors of the article come to the conclusion that the basis of the modern concept of «state language status» is scientific and journalistic works of Alashorda figures. Their ideas and experience in solving the problem of the national language have not lost their relevance to this day.

Keywords: The government of Alashorda, the activities of the Alash Orda activists, kinds of styles, the social function of the national language.

References

- 1 Martynenko, N. (1992). Alashyorda: Sbornik dokumentov [Collection of documents] / N.Martynenko (Ed.). — Almaty: Aikap [in Russian].
- 2 Dulatov, M., Omarov, E. A. (1991) Baitursynov [Baitursynov]. *Shygarmalary — Compositions*. Almaty [in Kazakh].
- 3 Saduakasuly, S. (2003). *Eki tomdyq shygarmalar zhinagy. Tom 2 – 2-volume collected works. Volume 2*. D.Kamzabekuly (Ed.) Almaty: Alash [in Kazakh].
- 4 Saduakasuly, S. (2003). Kirhizskaia literatura (istoriko-kriticheskaia literatura) [Kyrgyz literature (historical and critical literature)]. *Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. Tom 1 — 2-volume collected works. Volume 1*. P. 240–247. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 5 Saduakasuly, S. (2003). Predislovie k sborniku rasskazov «Molodoi Kazakhstan» [Preface to the collection of short stories «Young Kazakhstan»]. *Eki tomdyk shygarmalar zhinagy. Tom 1 — 2-volume collected works. Volume 1*. P. 342–345. Almaty: Alash [in Kazakh].